

Айнаш Сағатқызы Наурызбаеваның
6D041700 – «Сәндік өнер» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесіне ұсынылған
«Заттық-кеңістіктік орта синтезі: Қазақстан тарихындағы қолданбалы
өнер және тұрғын интерьер» докторлық диссертациясының
АҢДАТПАСЫ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы

Диссертациялық зерттеуде Оңтүстік Қазақстан тұрғын үйлері дамуындағы заттық-кеңістіктік орта – қолданбалы өнер және тұрғын интерьер – синтезінің генезисі қарастырылған. «Ежелгі дәуір – қазіргі кезең» хронологиялық шеңбері интерьерлерді безендірудің сипаттық амалдарын айқындауға, тарихи кезеңдер бойынша жинақталған мәліметтерді жүйелеуге, заттық-кеңістіктік ортада өнерлер синтезінің көрініс табуының аз зерттелген аспектілерін толықтыруға мүмкіндік береді.

Сонымен, зерттелер проблема Оңтүстік Қазақстан аумағындағы кең уақыттық ауқым мен аумақты қамтиды. Зерттеу үшін әр дәуірдің тұрғын үйлерінің заттық-кеңістіктік ортасы синтезінің ең сипаттық мысалдары таңдалып алынды.

Зерттеуге таңдалып алынған тақырыптың өзектілігі Қазақстан өнертануында бүгінге дейін қолданбалы өнер мен тұрғын интерьер кеңістігі синтезінің генезисі тақырыбы тұтас құрылымдық организм түрінде қажет ғылыми-зерттеу деңгейінде қарастырылмағанында болып табылады.

Қолданбалы өнер мен тұрғын үйдің кеңістіктік ортасы эволюциясы, бүкіл тарих бойында синтетикалық тұтастық бейнесіне біріге отырып, ажыратылмас ұйымдастырылған мәдени кеңістікті, адам меңгерген тоқталған болмыс моделін көрсетеді. Аталған кезеңде қазақстандық ғылыми-зерттеу әдебиеті, осы екі бағыттың синтезі генезисін зерттеу бойынша жетіспеушіліктің орнын толтыратын, қажетті сападағы жұмыстардың жеткілікті мөлшеріне ие емес.

Зерттеудің анықталған траекториясы білімнің басқа салаларынан алынған нәтижелерді жүйелеуге көмек береді. Осы тәсілдің арқасында біз, материалдық, мәдени, көркем, символикалық, эргономикалық және басқа да сипаттамалар иеленетін адамның тұрғын ортасы бейнесінің алуан қасиеттілігін қамтитын жұмысты ұсына аламыз.

Зерттеу гипотезасы: Қазақстан тұрғын үйлері дамуының ретроспективасындағы қолданбалы өнер мен тұрғын кеңістік синтезі генезисінің талдауы өзгеріп отырған дүниеге көзқарасты көрсететін тұтас және күрделі құбылыс түріндегі оның автохтондық принциптері мен аккультурациялық белгілерін анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу объектісі: Тарихи эволюциядағы (ежелгі дәуір – ХХІ ғ. басы) қолданбалы өнер мен тұрғын интерьер кеңістігі синтезі.

Зерттеу тақырыбы: Оңтүстік Қазақстан аумағы тарихының әр кезеңдеріндегі қолданбалы өнер мен тұрғын орта синтезін жасау практикасы.

Жұмыстың мақсаты Оңтүстік Қазақстанның тарихи эволюциясындағы қолданбалы өнердің тұрғын интерьердегі синтезі генезисінің тұғырлық принциптерін анықтау болып табылады.

Диссертациялық зерттеудің **міндеттері:**

- археологиялық артефактілер материалдарына сүйеніп Оңтүстік Қазақстан тұрғын үйлер кеңістігінде протосинтездің пайда болуының негізгі алғышарттарын анықтау және осы негізде тұрғын ғимараттардың авторлық ғылыми реконструкциясын жасау (ежелгі дәуір);

- қолданбалы өнер мен тұрғын кеңістіктің ара қатынасының сипаттық композициялық амалдарын ашып көрсету, және сонымен қатар графикалық орындалуда 3D визуализацияның заманауи компьютерлік технологияларын қолдану арқылы реконструкциялап, тұрғын үйлердің ерекшеліктерін айқындау;

- орта синтезінің көркем, символикалық және материалдық негіздерін талдай отырып, Оңтүстік аймақтың ертеортағасырлық дәуірінің тұрғын ғимараттарының ішкі кеңістігі мен қолданбалы өнер заттарын зерттеу;

- б. д. VII-XII ғғ. тұрғын үйлерінің интерьерлік кеңістіктерінің сәулеттік-пландау, көркем-композициялық және символдық-мағыналық шешімдерін анықтау және айқындау;

- қолданбалы өнер эстетикасының XIII-XIX ғғ. тұрғын интерьерлерінің кеңістіктік ортасымен өзара қатынасын талдау;

- 1920 ж. басынан 1980 ж.-ға дейінгі тұрғын үйлердің тұрақты түрлерінің тұрғын заттық-кеңістіктік ортасындағы синтездің белгілерін зерттеу;

- XX ғ. аяғы –XXI ғ. басындағы тұрғын интерьер кеңістігіндегі өнерлер синтезінің тәсілдерінің бірі түріндегі дизайнның әсерінің сипатын айқындау;

- өнерлер түрлері синтезінің жаңа, ерекше белгілерін айқындау үшін пәтерлер мен тұрғын үйлердің заттық-кеңістіктік ортасының заманауи дизайнының (2005-2015 жж.) салыстырмалы талдауын жүргізу.

Проблеманы шешімдеу деңгейі Оңтүстік Қазақстан аумағында әртүрлі тарихи дәуірлердегі тұрғын үйлердің заттық-кеңістіктік ортасы синтезінің пішінқұрылымдау жақтары туралы бірталай көп көлемдегі ақпараттарды қамтиды. Осыған байланысты зерттеу жұмысы тұрғын ғимараттардың мәдени идентификациясын, табиғи-ландшафтылық және конструкциялық-материалдық сипатының өзара қатынасын айқындауға көмек берген тарихи-археологиялық материалдарға (Қ. А. Әкішев, К. М. Байпақов, А. Н. Подушкин, З. Ж. Шарденова және т. б.) тұғырланды.

Оңтүстік Қазақстанның көшпенді және отырықты халқына тән тұрғын ортаның ұйымдастырылуын, заттық қоршаған орта сипатын, көркем-эстетикалық мәдениет пен сәндік-қолданбалы өнердің мәнерлілігін айқындайтын тарихи және этнографиялық артефактілер Ә. Х. Марғұлан, Б. А. Куфтин, М. С. Мұқанов, Ш. Ж. Тоқтабаева, Н. Ж. Шаханова, Е. Г. Царева, С. А. Шкляева, Г. Қ. Әбдірахманова және басқалардың жұмыстарында көрсетілген.

Сәулеттік пластика ішкі кеңістікті құруда ең маңызды құрамдас компонент түрінде М. Я. Гинзбург, В. Е. Барышева, О. С. Тиханчиков, Е. Л.

Разова, Н. Ж. Құрманқұлова, А. Т. Ахмедова жұмыстарында жан-жақты айтылған. Жалпы, сәулеттік дизайн объектілерінің мәдени-маңызды феномен есебіндегі мәнді рөлі туралы А. Г. Габричевский, В. Т. Шимко, Б. М. Мержанов, Л. Р. Тұрғанбаева басылымдарында айтылады.

Тұрғынүйіші кеңістігінің синтезіндегі сәндік-қолданбалы өнердің рөлі мен символдық-семантикалық маңызына А. Қ. Байбөриннің, А. Р. Нурдыбаеваның, Ж. Ю. Мансурованың, Л. Е. Тұлбасиеваның, Ю. И. Мазинаның және басқа көптеген авторлардың жұмыстары арналған. Мағыналық және бейнелік мәндер тұтастығына бірігетін материалдық және рухани құндылықтар синтезі мәселелері О. А. Швидковскийдің, А. И. Золоторевтің, Ж. Бодрийардың, Е. Б. Мурианың және О. И. Маюнованың зерттеулерінде белгілі бір деңгейде көрініс тапқан.

Өмір мен қызметтік қабілеттерді демеуге арналған «вакуум» есебіндегі адамның заттық-кеңістіктік ортасына философиялық көзқарас М. Хайдеггер, Г. Башляр, Ж.-П. Лиотар, К. Юнг, Г. Б. Минервин жұмыстарында түйінделген.

Зерттеу жұмысының әдістемелік базасы

Диссертация тақырыбы біз Оңтүстік Қазақстан дамуының әртүрлі тарихи дәуірлеріндегі заттық-кеңістіктік орта синтезі генезисінің дамуы деп бағалаған тұрғын ғимараттар мен қолданбалы өнер объектілерінің ең маңызды құрылымдық ара қатынасын айқындауға көмек берген ғылыми танымның кешенді өнертанулық әдістемесіне (эмпирикалық және теориялық бағыттағы) жүгінуді шарттады.

Сонымен, зерттеу барысында біз тарихилық, компаративтік, морфологиялық, дедукциялық-индукциялық, семиотико-герменевтикалық әдістерді, және сонымен қатар ішкі заттық-кеңістіктік орта синтезі генезисінің белгілері байқалатын ежелгі дәуір мен орта ғасыр тұрғын үйлерінің сәулетін визуальдық модельдеуге мүмкіндік берген реконструкция әдісін қолдандық.

Зерттеудің ғылыми жаңашылдығы – адам тіршілігінің өмірлік қажет саласын тұтастай қабылдау мен ұйымдастырудың ерте түрлерінің бірі есебіндегі Оңтүстік Қазақстан тұрғын үйлерінің заттық-кеңістіктік ортасының синтезі дамуының генезисі қазақстан өнертануында алғаш рет қарастырып көруге қол жеткізген нәтижелерінде, қойылған мақсаттарында. Тұрғын кеңістік пен қолданбалы-материалдық дүние бұйымдарының композициялық, мағыналық, көркем және эстетикалық өзара қатынастарының айқындалып отырған сипаттық амалдары бізге өнерлер синтезінің бейнелік-мағыналық жағын тарихи тура дамыста көрсетеді.

Диссертацияда алғаш рет «синтез» түсінігін қалыптастыратын күрделіқұрылымданған, көпжақты және өзарақатынасты кешен түріндегі интерьерлік кеңістіктердің көркем-композициялық және символдық-мағыналық шешімдері белгіленген. Қазақстан тұрғын интерьерінің заттық-кеңістіктік ортасындағы қолданбалы өнер синтезінің заманауи тәсілдерінің бірі түріндегі дизайнның және оның құралдарының әсері бірталай маңызды аспект болып табылады.

Қорғауға ұсынылған жайлар

1. Ежелгі тұрғын үйлердің ішкі кеңістігі мен оның заттық толымы адамдардың өмірі мен қызметінің тұғырлық құрамдастары бола отырып, өзара интеграцияланатын сипатта, бұл синтез көрініс табуының ең ерте түрі болып есептеледі;

2. Тұрғын кеңістік пен қолданбалы-материалдық дүние бұйымдарының өзара қатынасының зерттелген композициялық сипаттық амалдары тұрғын үйді реконструкциялауға көмек берді, ал бұл синтез ерекшелігінің аймақтық-стилистикалық айрықшалықтарын айқындауға жағдай жасады;

3. Тарихи-археологиялық сипаттағы эмпирикалық материалдарға негізделіп ертеортағасырлық кезеңнің заттық-кеңістіктік ортасы синтезінің әртүрлі аспектілері анықталады;

4. Синтездің күрделене түскен түрін көрсететін VII-XII ғғ. тұрғын үйлерінің заттық-кеңістіктік ортасын ұйымдастырудың стилстикалық амалдары айқындалған;

5. XIII-XIX ғғ. тұрғын интерьер қалыптасуындағы қазақ қолданбалы өнері заттарының эстетикалық-функциялық рөлі ұлттық мәдениеттің маңызды құбылыстарының бірі түрінде, айқындалған;

6. XX ғасыр тұрақты үйлерінің заттық-кеңістіктік тұрғын ортасындағы қолданбалы өнер синтезі біршама әржақты және көпқырлы түрде көрініс тапты: конвенционалдық (дәстүр), инновациялық, эклектикалық, функциялық және т. б.;

7. Дизайн жобалық-көркем қызмет түрінде тәуелсіздік алған кезеңдегі қазақстан тұрғын интерьерінің заттық-кеңістіктік ортасындағы синтез амалдарының бірі болды;

8. Заманауи пәтерлер мен үйлердің заттық-кеңістіктік ортасында көрініс табатын әртүрлі өнерлер (қолданбалы, сәндік, монументалдық және б.) синтезінің айқындалған жаңа ерекше белгілері синтездің жаңа компоненттерін қамтыған дизайнерлік ойламның әрі қарай даму траекториясын құруға көмек береді.

Жұмыстың ғылыми-теориялық және практикалық маңызы зерттеудің барлық материалдарын авторлық ғылыми мақалаларда, монографияларда, көркем-жобалық және сәулеттік-құрылыстық бағыттағы жоғарғы оқу орындарында оқытындар үшін оқу-әдістемелік құралдарда, оқулықтарда, альбомдарда, және сонымен қатар ғылыми-зерттеу және мәдени-танымдық орталықтар, археологиялық институттар, мұражайлар мен дизайнерлік бюролар үшін көрнекі және түсіндірме материал түрінде қолдануға болатынында.

Жұмыстың қолданыс сынағы ғылыми-зерттеу және практикалық сипаттағы басылымдарда, конференциялар материалдарында, және сонымен қатар Scopus дәйектеме базасына кіретін ғылыми журналда берілген.

Диссертация жұмысының құрылымы алғысөзден, үш тараудан, сегіз бөлімнен, тұжырымдамадан, қолданылған әдебиет тізімінен және төрт қосымшадан тұрады. Мәтін көлемі – 140 бет, компьютерлік терілімде, әдебиет тізімі 223 атауды қамтиды, А қосымшасында 82 сурет (ақ-қара және түсті) бар,

Б қосымшасы 16 реконструкциялық суретті қамтиды, В қосымшасы жарияланған мақалалар тізімінен тұрады, Г қосымшасы диссертациялық зерттеу нәтижелерін оқу үрдісіне енгізу туралы актісімен ұсынылған.

Жұмыстың негізгі мазмұндары

Алғысөзде зерттеудің қысқаша сипаттамасы берілген, тақырыптың өзектілігі, ғылыми жаңашылдығы негізделеді, мақсаты мен міндеттері, және сонымен қатар объект мен тақырып анықталады. Ғылыми проблеманы шешімдеу деңгейі, әдістемелік база, қорғауға шығарылатын ғылыми нәтижелердің жалпы концепциясы берілген.

Бірінші тарау «Оңтүстік Қазақстандағы ежелгі дәуірлік тұрғын үйлердің ішкі ортасы синтезі пайда болуының алғышарттары» Оңтүстік Қазақстан аумағындағы ежелгі дәуір тұрғын үйлері ішкі ортасының протосинтезінің алғашқы түрлерін айқындауға көмек берген тарихи-археологиялық материалдарды талдау негізінде құрылған.

«Оңтүстік Қазақстанның ежелгі дәуірлік тұрғын үйлерінде ішкі ортасы синтезі пайда болуының негізгі алғышарттары» бірінші бөлімінің міндеті адамның көркем ойламы дамысының алғашқы сатыларында-ақ қолданбалы бұйымдар көмегімен тұрғын ортаны ұйымдастырған эмпирикалық артефактілер болғанын қайта қарастыру болып табылады.

«Қолданбалы өнер бұйымдары мен ішкі кеңістіктің өзара қатынасы ежелгі тұрғын үй ортасының протосинтезі құбылысы түрінде» екінші бөлімі заттық пішіндердің әртүрлілігінің өсе түсуін ашып көрсетеді, олардың идеялық-белгілік жүктелуінің артқанын және ерте дәуірде Оңтүстік Қазақстан аумағындағы тұрғын үйлер ішкі ортасы протосинтезі бейнесі тоқталуындағы бастаулары түріндегі материалдық мәдениет объектілерінің рөлін айқындайды.

«III-XIX ғғ. қолданбалы өнер мен тұрғын кеңістігі синтезінің эволюциясы» екінші тарауында өзгеріп отырған тұрғын заттық-кеңістіктік орта синтезінің бұлдыр жақтарын көруге мүмкіндік беретін жаңа ракурс құру әрекеті жасалған. Бұл жағдайда өзінің пішінқұрылымдау принциптерін Жаңа дәуірге дейін сақтаған интерьердің автохтондық белгілері көрсетілген.

«Ертеортағасыр тұрғын үйлеріндегі қолданбалы өнер мен тұрғын кеңістігі синтезі» бірінші бөлімінің мақсаты тұрғын үйдің ішкі кеңістігі мен оның заттық толтырылымының идеялық-композициялық байланысын табу болып табылады. Ғалымдардың (К. М. Байпақов, З. Ж. Шарденова, М. К. Хабдуллина, В. Ф. Зайберт) реконструкциясы тұрғын үйді жалпы білуге көмек берді, бірақ интерьерлік көрілім болмады. Осыған байланысты, таңдалған зерттеу әдістері (дедукция, индукция, морфологиялық, реконструкция) орта мен заттық пішіндер арасындағы өзарабайланыстық және өзаратолықтыру құбылыстарының әлдеқайда толық түсінігін берді.

Екінші бөлім **«Б. д. VIII-XII ғғ. тұрғын үйлері интерьерлік кеңістіктерінің сәулеттік-пандау, көркем-композициялық және символдық-мағыналық шешімдері»** еліміздің Оңтүстік аймағының отырықты халқының тұрғын үйлерінің заттық-кеңістіктік ортасын визуализациялауға мүмкіндік берген заманауи 3D компьютерлік бағдарламалар

қолданған реконструкция әдісін қамтыды, ал мұнда сәулеттік пішін мен ондағы заттардың символдық-мағыналық сипаттары айқындалады.

«XIII-XIX ғғ. тұрғын кеңістіктері синтезі қалыптасуындағы қолданбалы өнердің эстетикалық-утилитарлық ерекшеліктері» үшінші бөлімі қолданбалы өнер заттары мен көшпелі тұрғын кеңістіктерде эстетикалық, практикалық, функционалдық және белгілік-семиотикалық сипаттардың синтезін көрген А. Р. Нұрдыбаеваның, Н. Ж. Шаханованың, А. Қажғалиұлының, Г. Қ. Әбдірахманованың, Л. Е. Тұлбасиеваның және көптеген басқа да авторлардың теориялық һәм философиялық концепцияларын қамтиды.

Диссертацияның **«XX ғ. – XXI ғ. басы тұрғын интерьерлерін шешімдеудегі заттық-кеңістіктік орта синтезінің ізденілімі»** үшінші бөлімінің орталық идеясы қазақ халқының трансформацияға кірген жаңа дүниеге көзқарасы мен дүниесезімінің әсерімен күрделене түскен өнерлер (кеңістіктік және заттық) синтезі сипатын зерттеу болып табылады.

«Қолданбалы өнер мен тұрғын интерьерлердің заттық-кеңістіктік ортасы синтезінің белгілері (1920 жж. бастап 1980 жж. қоса)» бірінші бөлімі өзара байланыстағы мәдениеттер диалогына негізделіп құрылған тұрғын интерьердің конвенциональдық және инновациялық синтезін іздестіруге арналған.

«Дизайн - тәуелсіз Қазақстан қолданбалы өнері мен тұрғын интерьері кеңістігі синтезін жасаудағы негізгі әдістердің бірі (1991-2004)» екінші бөлімінің мақсаты қазақстандықтардың тұрғын кеңістігіне техникотехнологиялық әсерді зерттеу болып табылады. Жобалық-дизайнерлік қызметтің қазақстандық саласының пайда болуы мен дамуы XX ғ. аяғы – XXI ғ. басындағы пәтерлер мен тұрғын үйлердің заттық-кеңістіктік ортасы синтезінің концептуальдық негізінің көпқырлылығына әсер етті.

«Тұрғын орта құрудағы синтездің заманауи әдістері мен жаңа бағыттары (2005-2015 жж.)» Алматы қ. мен облысының сәулеттік орта дизайнының өзекті тенденцияларын көрсетеді. Заманауи пәтерлер мен тұрғын үйлердің заттық-кеңістіктік ортасында көрініс табатын өнердің (қолданбалы, сәндік, монументалдық және б.) әр түрлерінің синтезінің ерекше белгілері осы көркем құбылыстың жаңа компоненттерін қамтитын дизайнерлік ойламның әрі қарай дамуының траекториясын құруға көмектеседі.

Әр тараудың нәтижесі бойынша тұжырымдамалар келтірілген.

Диссертациялық жұмыстың Қорытындысында сипаты мен визуальдық-кеңістіктік құрылуы бойынша әртүрлі заттардың синтезі құбылысының барлық күрделілігін көрсеткен зерттеу нәтижелері қорытындыланған. Қойылған міндеттерді шешімдеуді өзіндік бағалау анықталған және диссертациялық зерттеу нәтижелерін нақты қолдану бойынша кеңестер мен бастапқы мәліметтер берілген.